

«Ермек Серкебаев атындағы -Өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» Кешені» КММ

КГУ «Комплекс «Колледж искусств – специализированная школа-интернат для одарённых в искусстве детей имени Ермека Серкебаева»

Қарастырылған:
Рассмотрено:

на заседании ПЦК
«Теория Музыки»
Протокол №1
Председатель ПЦК
Алханова О. А. *Олж*

«31.08.» августа 2023 года

Келісілген:
Согласовано:

Заместитель директора
По профильной работе
Хамзина А. С. *Хан*

Бекітілген:
Утверждено:
Решением МС КГУ
«Комплекс
«Колледж искусств
ШОД» *Оль*
Председатель Рыжик Г. Л.
« 31 » *08* 2023 года



ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ РАБОЧАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

ДҮНИЕЖҰЗЛІК МУЗЫКА ӘДЕБИЕТІ МИРОВАЯ МУЗЫКАЛЬНАЯ ЛИТЕРАТУРА (ПӘННІҢ АТАУЫ / НАИМЕНОВАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ)

Петропавл қаласы, 2023 жыл

Составитель: Тажибаева К. К. – преподаватель музыкальных дисциплин
ПЦК «Теория музыки»

Рецензенты:

Алханова О.А. – председатель ПЦК «Теория музыки»

Чепикова Н.К. – преподаватель музыкальных дисциплин ПЦК «Теория музыки»

Утверждена методическим советом КГУ «Комплекс «Колледж искусств – специализированная школа-интернат для одарённых в искусстве детей имени Ермека Серкебаева»

Регистрационный номер №1

Дата регистрации 31.08.2023

5сынып – 68 сағат
6сынып – 68 сағат
7сынып – 68 сағат
8сынып – 68 сағат
9сынып – 68 сағат

Барлығы – 340 сағат

Түсініктеме хат

Жұмыс оқу бағдарламасын құрастыру барысында оқу уақытының көлемін өзгерту мүмкін. Пәнді оқыту үшін, және кәсіби білімн басты мақсаттар“:

-Дұрыс шешімдер қабылдайтын бағдарламалық өзгерістерді жүргізу;

-Жеке практикалық сабактарды басқалармен мазмұнына сәйкес келетінін ауыстыру.

«Музикалық әдебиет» пәні мамандыққа тығыз байланысты болғандықтан музикалық мектепте оқу-тәрбие процесінде ерекше орын алады. Музикалық әдебиеттің толық курсы окушыларда жоғарғы музикалық талғам, көркем эстетикалық дуниетаным қалыптастыру мен дамытудың, кәсіби ой-өрісін дамытудың тенденсі жок негізі болып табылатын XVII- XX ғасырлардағы европа және орыс музикалық мәдениетінің тамаша туындыларын қамтиды.

Ұсынылып отырған бағадарламаның басқа бағдарламадан ерекшелігі- бұл бағдарламаға XX ғасырдағы шетел композиторларының қосылуы және оның бөлімдерінің төмендегідей тәртіп пен орналасуында:

1. Шетел музикалық әдебиеті
2. Орыс музикалық әдебиеті
3. XX ғасыр музыкасы

«Шетел музикалық әдебиеті» окулығының 6 шығарылымының жоқтығына байланысты оның материалдарын жана бөлімде композиторлар мен олардың шығармаларымен жалпы танысу түрінде оқытуды көздейді. «Өмірбаяны» және «Өмірі мен шығармашылық жолы» деген такырып аттарындағы айырмашылықтар осы материалды оқытуға тиісті әдістер табуды қажет етеді (толығырақ композиторлардың өмірі мен шығармашылық жолдары оқытылады). Сонымен бірге такырыптың көптеген композиторлардың шығармашылығында жок екендігін ескерсек, ол материалдарды окушылардың өздігінен игеруі қажет деген ұғым тудады.

Курстың мақсаты-окушыларды дүниежүзілік музика мәдениетімен таныстыру, окушыларды музикалық шығармаларға кәсіби көзқарас, музикалық стильдер мен бағдарламалардағы орын алғаш

еволюция туралы түсінік, өз бетінше логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Музыкалық әдебиет курсын окууды аяқтаған кезде оқушылар кен көлемдегі музыкалық материалдарды білуі, дәуірлер мен композиторлардың стилдерінен хабардар болулары, әрбір ұлттық мәдениеттің бүкіл дүниежүзілік музыкалық процестегі орын мен рөлін түсінуге, ойлау мәдениетін меңгеруге және оның нәтижесін жүйесі түрде баяндауға кабілетті болуға тиісті.

Келешек музика мамандарын дайындаудағы музика әдебиетін оқытатын мұғалімнің басты міндепті- ол оқушыларды музыканы сезімтал- көнілді және саралай қабылдау дағдысын, оның жанрлары мен түрлерін дыбыстық-есту және теориялық жағынан меңгеруін қалыптастыру. Ол үшін дүркін-дүркін музыкалық бақылау викториналарын өткізіп отыру керек.

Музыкалық әдебиет пәні бүкіл оқу барысында 4,5,6,7,8,9сыныптар бойынша оқытылады. Материалдардағы оқу жылдарына бөлу жөніндегі ұсыныстар өздерінің әлеуметтік-тарихи, діни, философиялық және эстетикалық негіздері жөнінен әртүрлі бөлімдердің логикалық жүйелігіне негізделген.

Бағдарламада теориялық материалдар тарихи жүйелілікке сәйкес орналастырылған. Бағдарламаның негізін атақты композиторлардың

творчествосы мен оның идеялық бағыты мен стилін сипаттайтын негізгі шығармаларына арналған монографиялық тақырыптар құрайды.

Оқу негізінен лекция-сабак, әңгіме-сабак түрлерінде өткізіледі. Оқушылардың ынтасы мен дербестігін қолдау мақсатымен, косымша әдебиеттер қолдануы жоспарланған.

Маңызды шығармалар толық және терең түрде, ал қалғандары жалпылама, кейбіреулері тарихи шолулар түрінде оқытылады.

Курстың тақырыптық жоспары үлгі түрде түзілген, кейбір тақырыптарды өту реті мен оларға бөлінен сағат санын өзгерту оқытушының еркінде. Музыкалық шығармалардың тізімі әр топтың оқушыларының мамандықтарына, ноталар мен дыбыс жазбаларының бар- жоқтығына сәйкес өзгертіліп отырылады.

Әр тоқсаның соңында бақылау сабак өткізіледі.

Музыкалық әдебиет курсынан алған тиянақты білім оқушыларға мамандығы бойынша сынның шығармаларды жақсы орындауға, оларды стилі жағынан сауатты мәнерлеуге жәрдемдеседі.

ТАҚЫРЫПТЫҚ ҮЛГІ ЖОСПАР 1-бөлім

Шетел музыка әдебиеті

| K/н | Тақырыптардың атаулары | Сағат саны | Откізу мерзімі |
|-----------------|--|---------------|-------------------|
| | Дүниежүзілік музыка әдебиеті 5сынып | | |
| 1 тоқсан | | | |
| 1 | Кіріспе сабак музыка әлемі | 1с | Кыркүйек |
| 2 | Музыканың мәнерлеу құралдары | 2с | |
| 3 | Музыкалық тақырыптың даму принциптері | 1с | |
| 4 | Тембр. Аспаптардың түрлері | 1с | |
| 5 | Шекті аспаптардың топтары | 1с | |
| 6 | Ағаш, үрмелі аспаптары | 1с | |
| 7 | Мыс үрлемелі аспаптары | 1с | |
| 8 | Соқпалы аспаптар | 1с | Қазан |
| 9 | Музыкалық шығармалардың құрылымы | 1с | |
| 10 | Коденция. Период. Сөйлем. | 1с | |
| 11 | Екі бөлімді және үш бөлімді форма | 1с | |
| 12 | Рондо. Вариация | 1с | |
| 13 | Сонатолық форма | 1с | |
| 14 | Музыкалық жанрлар | 2с | |
| 15 | Борокко операның мектебінің тарихына шолу | 1с | |
| 16 | Бақылау сабак. | 1с | Қараша |
| 2 тоқсан | | | |
| 17 | Опера жанрның қалыптасуы | 1с | Қараша |
| 18 | Операның түрлері | 1с | |
| 19 | Борокко дәүіріндегі аспаптық музыка | 2с | |

| | | | |
|----|---|---------------------|-----------|
| 20 | Полифониялық жанрлар | 2с | |
| 21 | И.С.Бахтың өмірі мен шығармашылық жолы | 2с | Желтөксан |
| 22 | Бахтың клавиралық шығармашылығы. .инвенция | 2с | |
| 23 | «Француз сюитасы» c-moll | 2с | |
| 24 | Қайталау. | 1с | |
| 25 | Бақылау сабак. | 1с | |
| | | | |
| | 3 тоқсан | | |
| 26 | Бахтың хтк –сы . прелюдия фуга c- moll | 2с | Қантар |
| 27 | Органдық шығармашылығы | 1с | |
| 28 | Хорал шығармашылығы | 1с | |
| 29 | d-moll Токатта және фуга | 2с | Ақпан |
| 30 | А гарту дәүірі | 1с | |
| 31 | И.гайднің өмірі мен шығармашылығы | 2с | |
| 32 | С онаталы симфониялық цикл | 2с | |
| 33 | Гайдінің симфониялық шығармашылығы | 1с | |
| 34 | №103 Симфония. | 2с | |
| 35 | Гайдің e-moll сонатасы | 2с | Наурыз |
| 36 | Соната D- dur | 2с | |
| 37 | Викторина | 1с | |
| 38 | Бақылау сабак | 1с | |
| | 4 тоқсан | | |
| 39 | В.А. Моцартың өмірі мен шығармашылығы | 2с | Сәуір |
| 40 | Моцартың Симфониялық шығармашылығы №.40 симфония | 4с | |
| 41 | Моцартың A-dur сонатасы. | 2с | |
| 42 | М оцартың опералық шығармашылығы «фигаронің үйлену тойы» операсы. | 3с | Мамыр |
| 43 | Сиқырлы флейта» | 3с | |
| 44 | Викторина. Тест жұмыстарын көргау. | 1с | |
| 45 | Бақылаусабак. | 1с | |
| | | Барлығы 68 сағат | |

БАҒДАРЛАМА МАЗМУНЫ

1-бөлім «Шетел музыка әдебиеті»

Кіріспе. Музыка әлемі - адамзат мәдениетінің байлығы ішіндеғі мұхиттai шексіз , ғажайп дүнмие. Музыкада адамның асқақ , асыл ойлары , арман - мақсаты, ізгі тілектері, куанышы, қайғы қасіреті мен әр түрлі сезім иірімдері бейнеленеді. Музыканы адам жан дүниесіне тигізетін әсері орасаң, сондықтан оны шынайы ықыласпен қабылдау арқылы гана түсінуге болады.

Музыканың мәнерлеу құралдары- кең ұғымда музыка шығарманың идеялық тттттттэмомиялық мазмұнын білдіретін .»мелодия, екпін, ыргақ, гармония, т.б.» жинтығы.

Музыкалық тақырыптың даму принциптерінің ұстанымы реализм әдісі музыканың тидеялық - эстетикалық негізі болып табылады. Осыған орай музыкада көптеген дәстүрлі музыкалық жанrlар жаңа мазмұнға ие болды. Опера,балет,симфония классикалық монументі формасын сақтай отырып, жаңа заман талаптарының әсерімен іштей кайта құрылды. Тарихи және халықтық - патриоттық тақырыптың әсерінде хор және вокалдық - симфониялық музыка «оратория,кантата, поэма» гүлденді.

Аспаптардың түрлері. Шекті, үрлемелі «кағаш және мыс үрлемелі аспаптар » және сокпалы аспаптар.

Музыкалық шығармалардың құрылымы. Каденция ,период, сойлем. Екі бөлімді және үш бөлімді форма. Рондо. Варияция. Сонаталық форма.ммммммм.

Музыкалық жанrlар. Барокк опера мектебінің тарихына шолу. XVII- XVIII ғ. опера. Опера жанринің қалыптасуы.

Италия- опера отаны. Төрт орталық: Флоренция, Рим, Венеция, Неаполь.Серия және буффа опералары. Белгілі композиторлар: К.Монтеверди, Д.Скарлатти. Франциядағы опера. Негізгі қалаушы: Ж.Люлли. Операның театрмен, балетпен байланысты. Жанр- лирикалық трагедия. Германиядағы опера: орталықтары- Гамбург пен Дрезден, композиторлар: Г.Шютц және Кайзер. Англиядағы опера: Г.Перселл. «Дидона мен Эней». Опера серияның құлдырауы, опера-буффаның дамуы, Францияда- опера комедия, Германия мен Австрияда- зингшпиль.

XVП-XVІІІ ғасырлардағы аспапты музыка

Органдық музыка: полифонияның ұstemдігі, атакты органшылар, Германияда дамуы, протестанттық хоралмен байланысы, жанрлары: прелюдия, фантазия, токката мен фуга, фуганың құрылышы.

Клавирлық музыка: Француз музыкасы, рококо стилі, Рамо және Куперен, классикалық сюита, неміс музыкасы- Бахтың инвенциялары .

Скрипкалық музыка: итальяндық- Корелли - кончертто-грассосы , Вивальдидің жеке концерті, оның "Жыл мезгілдері".

Иоганн Себастьян Бах (1685-1750)

Неміс композиторы, әрі органшы, барокко дәуірін тамамдаушы, мұрасы. Әмір жолы: балалық шагы, органист болуы,

ережеткен кезі, өмірінің 3 кезеңі, Бахтың отбасы.

Органдық шығармалары: хоральдық прелюдиялары мен полифониялық циклдері, токката мен фуга ре минор, пассакалья до минор.

Клавирлік шығармашылығы: аспаптың әмбебаптағы, ойнау техникасындағы жаңашылдығы, Итальяндық концерт, сипаттама: образдарға, циклдардың тұтастығы, 1 томнан прелюдиялар мен фугаларды талдау.

Вокалдық шығармалары: кантаталар, сезімдер, мессо си минор, жанр ерекшелігі, мазмұны, құрылымы, жеке номерлерін талдау.

Венаның классикалық мектебі

XVIII-ғасырдың көркемдік ағымы, өкілдері: Гайдн, Моцарт, Бетховен. Шығармашылтықтарының классикалық ерекшеліктері: халық тарихына сүйену, музыканың идеялығы, демократияшылдық, симфония, концерт, квартет, соната жанрларының жасалуы, тілінің жан-жақтылығы, формасының әсемдігі мен төртбұрыштылығы, үйлесімділігі.

И.Гайднның өміrbаяны: соборда ән салуы, Н.Порпорда қызмет етуі, Эстергази княздері мен байланысы, Лондонға сапары, мұрасы.

В.Моцарттың өміrbаяны: "ғажайып бала", концерт беруі, граф Колоредоға қызмет етуі, өмірі мен шығармашылығының веналық кезеңі, өлім құпиясы, мұрасы.

Л.Бетховеннің өміrbаяны: отбасы, Нефе, Моцартпен кездесуі, Венадағы өмірі, керен болып қалуы, мұрасы. ағартушылық дәүірінің талантты өкілі (музыкалық энциклопедист), классик. Либреттист Кальцабиджимен бірігіп операны жаңғыртуы «драма музика арқылы», опера идеялары, мелодиялық стиль, хор, оркестр, балет. «Орфей» операсы: сюжеті, 3 редакциясы, идеясы, 2 аумағы, қатысуышылар, композициясы, әрекеттер мен көріністер бойынша талдау жасау.

№ 104 симфония, кіріспесінде Бетховеннің алдын алғандығы 1-бөлімдегі б.п. мен қ.п. бір тақырыпта, минормен сынау; 2- б.

Вариациялармен дамитын 3- бөлімді форма, 3- б. "менуэт-фантазия мен юмор байлығы, в трио-лендлер, финал сонаталық түрде, екі тақырыпта-чехтың халық әні 2-к.п - минорлық , Шуберттің алдын алған.

Гайднның тарихи маңызы: классикалық квартеттік симфонияның, оркестрдің негізін салушы. Шығармашылық сенімі: халықшылдық және еңбек куанышы.

Иозеф Гайдн (1732-1809)

№104 симфониясы, тындаушылар берген аттары, таңдаулылары "Лондондық", олардың жалпы белгілері. №103 симфония ("литавра тремоломен"), 1 және 4- бөлімдері тақырып жақындықтары, кончерто-грессо белгілері, мотивтік түйіндеу; 2- бөлім баяу, қос вариация, тақырыптығы; 3- бөлім менуэт, 4- бөлім рондо-соната, халық өмірінің цитатасы.

№104 симфония, кіріспесінде Бетховеннің алдын алғандығы 1-

бөлімдегі б.п. мен к.п. бір тақырыпта, минормен сынау; 2-⁶. Вариациялармен дамитын 3- бөлімді форма, 3- б. "менуэт-фантазия мен юмор байлығы, в трио-лендер, финал сонаталық түрде, екі тақырыпта-чехтың халық әні 2-к.п - минорлық , Шуберттің алдын алған.

Гайднның тарихи маңызы:классикалық квартеттік симфонияның, оркестрдің негізін салушы. Шығармашылық сенімі:халықшылдық және еңбек қуанышы.

Вольфганг Амадей Моцарт (1756-1791)

Жажайып данышпан, опера реформашысы, классикалық концерттің негізгін қалаушы. "Фигароның үйленуі"операсы: сюжеті, Бомаршеден ауытқу, "көнілді драма", басты кейіпкерлерге сипаттама,негізгі номерлерге талдау.

№ 40 симфония: "Дауыл және тегеурін" стилінің үлгісі, қайғылы мазмұн, цикл тұтастығы; 1- б.- өткір-драмалы, б.п.- опера ариясына жақын, к.п.- акжарқын, көнілді, репризде - минорлы , 2-6.- анданте, көтерінкі сезімдер дүниесі, сонаталық түр, 3-б.-менуэт, драмалы, финал менуэттен келіп туындауды, б.п.- іштей қарама-қайшылы.

| | Дүниежүзілік музыка әдебиеті 6 сынып I тоқсан | Сағат саны | Өткізу мерзімі |
|----|--|---------------|-------------------|
| 1 | Француз буржазиялық көтерілісінің уақыты | 1с | Қыркүйек |
| 2 | Л . В . Бетховеннің өмірі және шығармашылығы | 2с | |
| 3 | Л . Бетховеннің фортепианалық шығармашылығы. №8 Соната. №14 соната.. | 4с | |
| 4 | Бетховеннің симфониялық шығармашылығы | 1с | |
| 5 | Л.Бетховеннің №5-симфониясы №9 симфониясы | 6с | Қазан |
| 6 | «Эгмонт» Увертюрасы | 2с | |
| 7 | Викторина | 1с | |
| 8 | Бақылау сабак | 1с | |
| | II тоқсан | | |
| 9 | XIX ғасырдағы өнердегі романтизм дәүірі | 2с | Караша |
| 10 | Ф.Шуберттің өмірі мен шығармашылығы | 2с | |
| 11 | Ф.Шуберттің вокалдық шығармашылығы «Орман патшасы | 4с | |

| | | | |
|----|--|----|-----------|
| | әні», «Сұлу диірменші қыз» иокалды циклы | | |
| 12 | Фортепианалық шығармашылығы «Экспромт» | 1с | Желтоқсан |
| 13 | Симфониялық шығармашылығы | 3с | |
| 14 | Викторина | 1с | |
| 15 | Бақылау сабак. | 1с | |
| | 3 тоқсан | | |
| 16 | Ф.Шопенниң өмірі мен шығармашылық жолы | 2с | Қантар |
| 17 | Фортепианалық миниатюралары (прелюдиялары, мазуркалары, полонездері, №1 баллада, №2 сонатасы) | 2с | |
| 18 | Этюды | 1с | |
| 19 | Бақылаусабак | 1с | |
| 20 | Р.Шуман өмір жолы мен шығармашылығы | 2с | Ақпан |
| 21 | «Карнавал», фортепианолық цикл | 3с | |
| 22 | Қиял-гажайып пьессалар | 2с | |
| 23 | Ф.Мендельсоннің өмір жолы | 2с | Наурыз |
| 24 | Сөзсіз әндері | 2с | |
| 25 | Аспаптық шығармашылығы. Скрипкамен оркестрге арналған концерт. | 2с | |
| 26 | Бақылаусабак | 1с | |
| | | | |
| | | | |
| | IV тоқсан | | |
| 27 | К.М.Вебердің өмірі мен шығармашылық жолы | 2с | Сәуір |
| 28 | Б.Сметанның өмірі мен шығармашылық жолы | 2с | |
| 29 | Симфониялық шығармашылығы | 1с | |
| 30 | Цикл «Моя родина» | 1с | |
| 31 | Сен-санс шығармашылығына мінездеме | 1с | |
| 32 | Бақылау сабак | 1с | |
| 33 | Ф.Лист өмір жолы мен шығармашылығы | 2с | Мамыр |
| 34 | Венгрлық рапсодиялары | 2с | |
| 35 | Э.Гриктің шығармашылығының | 1с | |

| | | | |
|----|--|----|--|
| | бейнесі | | |
| 36 | Ипсеннің драмасына «Пер Гюнт»ке музика | 2с | |
| 37 | Бақылаусабақ | 1с | |

Барлығы:68 сағат

Людвиг ван Бетховен (1770-1827)

"Бұқараның Шекспирі", музика алдыбы, идея жағынан Француз революциясымен үндес, жаңашыл-пианист, симфония мен сонатада драматург. Фортепианалық шығармашылығы-симфонизм зертханасы. 32 соната, 5 концерт, стилі қуатты, масатты, шенбері сонаталық түрде, 4-бөлімді. Соната № 8: Гейлигенштад өсietімен байланысы, кіріспесінің көтеріңкілігі, б.п.-диалогтік және билікі, қ.п. -кіслігі, драматургиясы. Соната №14: 1-6.- аты, әуезділігі, өзгешелігі, 2-6.- интермеционың рөлі, тасқынды финал.

Соната № 23: аты, Шекспирмен байланысы, 3 және 5 симфонияларға жақындығы, 1-6. "Дауыл және тегеурін" атмосферасы, б.п. көп элементтілігі, қ.п. және оның өзгеруі, тағдыр әуені; 2-6. Вариациялары, тақырыптың тектілік сипаты, 3-6. Дауыл бейнесі, тағдыр ыргағы.

Симфонияларың шығармашылығы; аспаптық драма, бөлімдерінің іштей байланысы, құдіреттілігі мен мәңгілігі.

№ 3 симфония: аты, идеясы, драматургиясы, 1-6. Қыран аллегросы, жаңа тақырыптарды сомдаудағы эпизод, фугато. 2-6. Қайғылы марш, 3-б. Менуэт орнына скерцо, финал-бимен, автоцитатамен, эпизодтар, салтанатты кода; № 5 симфония: циклдағы тағдыр тақырыбының маңызы, тақырыптың француз революциясы әндеріне жақындығы, 3 тромбонды енгізу, 3-бөлімнен 4-бөлімге өту. "Әгмонт" увертюрасы Гюгоның драмасы, формасы, шиеленістің ашылуы, теманың және оның өзгеруінің сипаттамасы, бағдарлама

Романтизм-көркемдік ағым ретінде

XVIII-XIX-ғасырлар тоғысы, әдебиет, негізгі жанрлары: роман, новелла, баллада, ертегі, романтизмнің идеялық негізі, негізін қалаушылар, тақырыбы: тарих, фантастика, лирика, табиат; музикалық романтизм- лирика, миниатюризм, жаңа жанрлар: баллада, поэма, искустволар тоғысы, жалғыз суреткердің рухани дүниесін көрсету. Франц Шуберт (1797-1828)

Австриялық әнші- композитор, романтизмнің неғізін қалаушы, әндік симфонияның бастаушысы, қайғылы тағдыры, мұрасы.

Өмір жолы: отбасы, конвиктте оқуы, мъғалімнің көмекшісі, әндері, Фогль, "шубертиадалары", тапсырыспен жазылған опералары, соңғы

шығармалары, жас қаза.

Әндері: веналық колорит, ұлттық патетика, вокалдық циклдар: жанрдың демократияшылдығы, формасы, сүйемелдеу, "Ұршық иірген Маргарита", "Орман патшасы", "Форель", т.б. Әндерін талдау. "Сұлу дірменші әйел": сөзі Мюллердікі, сюже-ті, драматургия, негізгі әндері, дірменші мен бұлак бейнелері, иодельн стилі, романстық белгілері.

№ 8 симфония- си минор, аты, драматургиясы, тақырыптылығы, оның дамуы.

Франц Шуберт (1797-1828)

Австриялық әнші- композитор, романтизмнің неғізін қалаушы, әндік симфонияның бастаушысы, қайғылы тағдыры, мұрасы.

Өмір жолы: отбасы, конвиктте окуы, мъгалімнің көмекшісі, әндері, Фогль, "шубертиадалары", тапсырыспен жазылған опералары, соңғы шығармалары, жас қаза.

Әндері: веналық колорит, ұлттық патетика, вокалдық циклдар: жанрдың демократияшылдығы, формасы, сүйемелдеу, "Ұршық иірген Маргарита", "Орман патшасы", "Форель", т.б. Әндерін талдау. "Сұлу дірменші әйел": сөзі Мюллердікі, сюже-ті, драматургия, негізгі әндері, дірменші мен бұлак бейнелері, иодельн стилі, романстық белгілері.

№ 8 симфония- си минор, аты, драматургиясы, тақырыптылығы, оның дамуы.

Фридрих Шопен (1810-1849)

Поляк музыкасының классигі, суреткер және азамат, фортепианалық миниатюралар жанрының негізін қалаушы, мазмұн байлығы; фортепиано- Шопеннің ең сүйікті аспабы, аспаптық балладаларды жазуы; мелодиялық стиль ерекшеліктері. Мазуркалары мен полонездері: ұлттық рең, сағыныш, жанр түрлілігі, халықтық негіз, мазуркалардың екі тобы: көріністер (бейнелер) және көңіл-күйлері, полонездері.

Этюдтары: көркемдік және техникалық міндеттердің түйісі, екі опус, бейнелік қарама-қарсылық, этюдтарды талдау.

Прелюдиялары: жанрды қайта туындау, Дантенің "құдіретті комедиясымен" үндесуі, тональдық орналасуы, бейнелік қарама*-қарсылықтар, поэмага ұқсауы, жанрлық негізі.

Ноктюрндардың шығутегі, мелодиясы мен сүйемелдеу, екі типті, талдау. Вальстері - әртүрлі сипаттағы концепттік пьесалары; армандаушылық, эстрадалық, жыржылдық.

Баллада № 1- соль минор, Мицкевич поэзиясымен байланысы, форма ершеліктері, драматургиясы мен тақырыбы.

Соната № 2- си bemol минор, цикл ерекшеліктері, Отан тақырыбы, тақырыптары, бөлімдері бойынша талдау.

Роберт Шуман (1810-1856)

Неміс композиторы және музикалық жазушы, давидсбюндлерлер мен филистерлер, Флорестан мен Эвзебий. Шуманның жаңашылдығы: шығармашылығының көпжанрлығы, бейнелігі, стилистикалық және фактуралық ерекшеліктері,циклдерді жазуы, тағдырының қайғылылығы.

Өмірі мен шығармашылық жолы: отбасындағы қайшылық, әдеби және музикалық дарын, университет, саяхаттар, Лейпциг, Виктердің отбасы, саусағының жарақаттануы, "Жаңа музикалық газетті" шығаруы. "Музыканнтар үшін өмірге қажет ережелерді" жазуы, Клара Вик үшін күресуі, Венада тұруы, үйленуі; Ресейге саяхаты, жүйке ауруға ұшырауы, Дрезден, Дюссельдорфтағы дирижерлік қызметі, өзін өзі өлтіруі.

Фортепианалық шығармалары: бейнелердің психологизмі (армандау, қиялдану, табигат), тақырыптарының өміrbаяндылығы, публицистикалығы, жан-жақтылығы, жаңашылдығы; портреттік суреттер, романтикалық вариациялар жанры, циклдік формаларының ерекшелікте.

"Симфониялық этюдтер"- жаңа жанр, образдардың түрленуі, циклдің тұтастығы.

"Карнавал"- идеялық-эстетикалық концепция; циклдің бірегейлігі, бейнелері, сфинкстер, олардың маңызы, циклдің тұтастығы.

"Махаббат поэмасы"- Гейне өлеңдерінің автор өміріне жақындығы, музикалық мазмұнның терендеуі, сюжеттік-драмалық бағыт, кейіпкер-романтик бейнесі, ладотональдық жоспардың ерекшеліктері, мелодия мен мәтіннің бірігуі.

Феликс Мендельсон- Бартольди (1809-1847)

Лейпциг композиторлық мектебінің басшысы, пианист-виртуоз, Бахты қайта ашушы, музикалық ағартушы, дирижер, Лейпциг консерваториясының негізін қалаушы; шығармашылығының көп жанрлығы, бастылары - аспаптық жанрлар, увертюраның романтикалық бағдарламасын жасаушы.

"Сөзі жоқ әндер"- фортепиано үшін жазылған аспаптық миниатюралар, бейнелердің екі типі, құрылымы, фактуралық бағыты. Скрипкаға жазылған концерт - минор-романтикалық мазмұны, тақырыптылығы, формасы. "Жазғы тұнгі үйқы" увертюрасы - Шекспир комедиясының сюжеті, табигат бейнелері, ертегілік фантастика, тақырып, оркестр ерекшеліктері.

Карл Мария Вебер (1786-1826)

Композитор, әрі дирижер, неміс романтикалық операсының негізін қалаушы. "Еркін садақшы"- ертегі, сюжеті либреттосы, лейтмотивтері, увертюра, қасқырлар сайындағы көрініс-жаңашылдық, кейіпкерлердің мінездемелері.

Бедржих

Сметан «1824 - 1884» чех композиторі,

пианист, дирижор, педагог. 50 шақты шығармалардың авторы. Сметан чех бағдарламалы симфонизмнің қалаушысы. Алты симфониялық поэма. «Моя родина» циклінің авторы. Музыка тарихында Сметанді «чехтің глинкасы» деп аталған.

Сенсанс Шарль Камиль «1835 - 1921» француз композиторы, пианист, органист, дирижер. Оның шығармашлығына енген Зсимфония, 5 фортепианалық, 3 скрипкалыш, және 2 велиочельге арналған концерт, симфониялық оркестрге бір неше увертюралар. 12 опера, 7 контата және ораториялар, 100 ромастар, хор, вокалдық, фортепианалық пьесалар т.б.. сенсанстің шығаралмалары ерекшеленеді әүнділігімен, бейнелерінің байлығымен.

Ференц Лист (1811-1886)

Венгер музыкасының классигі, композитор, дирижер, педагог, такты пианист, шығармашылығының жан-жақтылығы, лейтмотивтігі мен бір тақырыптылығы, программалық симфониялық поэма жанры.

Өмірі мен шығармашылық жолы: 4 кезеңі - 1. Венгриялық және Венада окуу; 2. Париждік - сабак, байланыстары,¹ саяхаттары; 3. Веймарлық - дирижерлік және әдеби қызметі; 4. Рим - Веймарлық, діншілдігі.

Фортепианолық шығармалары. Лист - пианист-реформатор, стилі. Шығармалары: "Жаһан кезген жылдар", этюдтері, Венгер рапсодиялары №2, 6 ("вербункош" стильдегі), транскрипциялары, соната си минор (мазмұны, құрылымы, тақырыбы), симфониялық шығармалары: поэмалары, тақырыбы, мазмұндары. "Прелюды" (Ламартинмен салыстыру), симфониялық циклдарды сонаталық формалармен біріктіру, тақырыптығы.

Эдвард Григ(1843-1907) – норвегия композиторы, пианист, дирижер, ұлттық классикалық музыкасының қалаушысы. Лейпциг консерваториясында білім алған. Көптеген Еуропалық елдерде пианист ретінде концерт берген. Шығармалары: камералы – аспаптық, вокалдық, симфониялық. Өзінің шығармаларында өз елінің табиғатың, тұрмыс тіршілігін суреттеген. Бүкіл әлемге танымал болған. Г. Ибсеннің драммасы бойынша жазылған «Пер Гюнт» шығармасы. Фортепианалық оркестрге «Норвежские танцы», «Лирические пьесы» музыка жазған.

| | | |
|--|--|--|
| | Дүниежүзілік музыка мәдениеті 7 сынып | |
|--|--|--|

| | 1 Тоқсан | Сағат саны | Өткізу мерзімі |
|-----------------|---|---------------|-------------------|
| 1 | Қоңе рустың музыка мәдениеті | 2с | Кырқуек |
| 2 | XI –XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс музыкасы | 2с | |
| | ән мен романстар. Әкілдері | 2с | |
| 3 | М.Глинка өмір жолы мен шығармашылығы | 2с | |
| | «Иван Сусанин» операсы | 4с | Казан |
| 4 | Глинканың вокалдық шығармашылығы. | 1с | |
| | Романстар мен әндері | 1с | |
| 5 | Оркестрге арналған шығармалалар «Камаринская», «Вальс – фантазия» | 2с | |
| 6 | Викторина | 1с | |
| 7 | Бақылау сабак | 1с | Караша |
| 2 Тоқсан | | | |
| 7 | А.Даргомыжскийдің өмірі мен шығармашылығы . | 2с | Караша |
| 8 | А.Даргомыжскийдің романстары мен әндері | 4с | |
| 9 | Дарғомыжскийдің «Русалка» . операсы. . | 4с | Желтоқсан |
| | Викторина | 1с | |
| | Бақылау сабак | 1с | |
| 10 | XIX ғасырдағы 60 – 70 жылдағы орыс музыка мәдениеті «Құдіретті топ» негізгі эстетикалық принциптері | 2с | |
| 3 тоқсан | | | |
| 11 | А.Бородинің өмірі мен шығармашылығы . | 2с | Кантар |
| 12 | Бородинің симфониялық шығармашылығы. «Жауынгерлік» симфония | 2с | |
| 13 | «Князь Игорь» операсы. . | 4с | Ақпан |
| 14 | Бақылау сабак | 1с | |
| 15 | М.Мусоргский өмірі және шығармашылығы | 1с | |

| | | | |
|-----------------|---|----|--------|
| 16 | «Борис Годунов» операсы.. | 4с | Наурыз |
| 17 | Көрме суреттері | 2с | |
| 18 | Мусоргскийдің әндері. | 2с | |
| 19 | Викторина | 1с | |
| 20 | Бақылау сабак. | 1с | |
| 4 тоқсан | | | |
| 21 | Н.Римский-Корсаковтің өмірі мен шығармашылығы | 2с | Сәуір |
| 22 | Опералық шығармашылығы «Снегурочка» операсы | 3с | |
| 23 | Симфониялық шығармашылығы «Шехерезада» | 2с | |
| 24 | П.Чайковский өмірі және шығармашылығы | 2с | Мамыр |
| 20 | П.Чайковский «Евгений Онегин» операсы | 3с | |
| 25 | Симфониялық шығармашылығы «Зимние грёзы» | 2с | |
| 22 | Викторина. | 1с | |
| 23 | Бақылау сабак | 1с | |

Барлығы: 68 сағат

2- бөлім . Орыс музикалық әдебиеті

Халық музыкасы (негізгі жанрлары) Ауыз

әдебиетінің және халық музыкасының негізгі сипаттамалары, атқаратын қызметі, егін шаруашылығына байланысты мезгілдік әдет-ғұрыптар (коляда, қысқы святкалар, масленица, көктемді қарсы алу, семик, купала); отбасылық-тұрмыстық әндер (бесік жыры, үйлену тойы әндері, жоктау), батырлық-ерлік ән-жырлары (солтүстік, оңтүстік орыс жырлары, діни әндер, скоморохтар әндері), хоровод әндері (лирикалық және әзіл-қалжын), олардың такырыптары мен ерекшеліктері, қала әндері (кант, жеке дауыстағы ән, ерекшеліктері).

Глинкаға дейінгі музика (шеркеулік, опералық, романстық) Хормен айту және а капелла, "знаменный эуендер" сегіздаудыс, партестік ән салу, хорлық концерт, шіркеу композиторлары, С.Рахманинов "Тұн бойына жалбарыну".

XVIII-ғасырдың күлкілі опералары, жанр өзгешілігі, авторлары, XIX ғ. басындағы опера, қос жанр, үлгілері.

Романстың шығуы (орыс әні, 'қалалық, тұрмыс-салт романсы), авторлары, романстың тұрлери- орыс әні, элегия, баллада, дастархан басындағы ән, цыган әні, би ритміндегі романстар), 40-жылдардағы

романстардағы әлеуметтік тақырыптар.

Михаил Иванович Глинка (1804-1857)

Орыс классикалық музыкасының негізін қалаушы, декабристермен, Пушкинмен байланысы, мұрасы, халық музыкасына көзқарасы.

Өмірі мен шығармасының жолы : - денсаулығының нашарлығы, балалық шағы, нелерге қызыққандығы, Благородный пансионда окуы, Кавказға, Италияға сапар шегуі, опералары мен романстары, шетелге екінші сапары, симфониялық шығармалары, жалғыздық, қазасы, Л.И. Шестакова.

"Иван Сусанин"- сюжеті, жазылу және қойылу тарихы, жанрлық ерекшеліктері, европа музыкасының ең озық үлгілеріне сүйенеуі (Гендель, Вебер, Моцарт), орыстар мен поляктардың бейнелерін қарама-қарсы қоюы, шығармашылық әдісі.

"Руслан мен Людмила"- әдеби негізі. Айырмашылығы, жанрлық ерекшеліктері, портреттік ариялары, формалары, мелодия-остинатоға вариациялары, "Камаринская"- жанрлық симфонизмнің анықтамасы, тақырыптылығы мен оның жалпылығы, формасы, вариациялар, әдістері, дәстүрлер. "Арагон хотасы"тақырыбы мен оның сипаттамасы, формасы, оркестр құрамы, кіріспе.

Романстары- тақырып жан-жақтылығы, жақсы көретін ақындары ; мәтінге көзқарасы, мелодикасы, сүйемелдеу, көркемдеу, жанрлық жан- жақтылығы.

Александр Сергеевич Даргомыжский (1813-1869)

Сыншыл реализмнің, немесе "табиги мектептің" негізін қалаушы (Белинскийдің айтуы бойынша); шығармаларындағы әлеуметтік тақырыптар, романстарының жаңашылдығы.

Өмірі мен шығармашылық жолы : отбасы, романстар мен водевильдер жазуы, шенеуніктік қызметі, Глинкамен араласуы, опералар жазуы, "Ұшқын" газеті, . "Құдіретті топ" композиторларымен араласуы, "Тас мейман". Романстары- ақындар тобы, тақырыбы, мәтінге көзқарасы, жанрлық жан-жақтылығы, жаңашылдығы.

"Русалка"- әдеби негізі, жанры, сюжетті түсіндіру, Наташа мен Диірменші бейнелері, драматургиясы, речитативтер мен ариозалар, жеке номірлерді талдау.

«Құдіретті топ»

Негізгі эстетикалық принциптері : демократияшылдық, халықшылдық, реализм, құрамы, В.В.Стасовтың ролі, композиторлардың жеке ерекшеліктері. "Жылжымалы көркем көрмелер әріптестігімен" ұқсастығы, музыкалық қоғамдар, мектептер, консерваториялар ашуды.

Александр Порфириевич Бородин (1833-1887)

Орыс музыкасының барлық жанрларында эпикалық бағытты

жасаушы, ғалым-химик, әйелдердің дәрігерлік курсарын ұйымдастыруышы, жаңашыл.

Өмірбаяны- князь отбасындағы балалық шағы, музика мен химияға' сүйіспеншілігі, оку жылдары, шетелде білімін жетілдіруі, "құдіретті топ" мүшелерімен қатнасы, Академиядағы қызметі, шығармалары, курсар, казасы.

Романстары- саны, поэтикалық негізі, жанрлары, мелодика мен гармония. "Князь Игорь"- әдеби негізі, жанры, драматургия ерекшеліктері, кейіпкерлерінің мінездемесі, музыканың ұлттық ерекшеліктеріне сүйену, әрекеттер мен суреттері бойынша талдау жасау.

№ 2 Симфониясы - аты, программалығы, жанр ерекшелігі, классикалық сюита және симфониямен салыстыру, бөлімдері бойынша талдау.

Модест Петрович Мусоргский (1839-1881)

Композитор-реалист опера жаңартушысы, "халықтық драманың" жасаушысы, опералық мұрасы, романстары, фортепианолық циклі. Өмірі мен шығармашылық жолы- отбасы, оку, офицер және шенінік қызметкери, коммунадағы өмірі, опералары, "Борис Годуновтың" қойылуы, Гартманның өлімі, опералар мен романстар жазуы, ауруы және қаза болуы.

"Борис Годунов"- әдеби негізі, либреттосы, Пушкинмен салыстыру, халық бейнесі, оны дамыту, өкілдері, цитаталары, патша бейнесі: дәстүрлер. "Арагон хотасы" тақырыбы мен оның сипаттамасы, формасы, оркестр құрамы, кіріспе.

Романстары- тақырып жан-жақтылығы, жақсы кіретін ақындары ; мәтінге кезкарасы, мелодикасы, сүйемелдеу, көркемдеу, жанрлық жан-жақтылығы.

Николай Андреевич Римский-Корсаков (1844-1908)

Шығармашылық қызметінің жан-жақтылығы, халық музикасының ролі, мұрасы, операларының тақырыптық және жанрлық жан-жақтылығы. Өмір жолы мен шығармашылығы - балалық шағы, отбасы дәстүрі, Теніз корпусындағы оқу, "топ" мүшелерімен араласуы, дъниежъзін айналып жүзуге қатысуы, опералары, консерваторияда сабак беруі, дағдарыс, операларының Мамонтов театрында қойылуы, 1905 жыл оқигаларына қатысы, жұмыстан шығарылуы, полицейлік бақылау, қайта оралу, XX ғ. басындағы шығармашылығы.

"Ақшақар"- "көктемгі ертегі", әдеби негізі, жанры, әдет-ғұрьып көріністері, Ақшақар бейнесі, лейтмотивтері, әйел бейнелерінің жыптылығы, Лелдің, Берендей патшаның бейнелерінің шарттылығы, номерлерді талдау.

"Садко" - опера - былина, Стасовтың ролі, шындық және фантикалық бейнелердің қарама - қайшылығы, музыканың есемдігі, көріністердің қарама - қарсылығы, композициясы, лейтмотивтері, бас кейіпкерлердің бейнелері.

"Патша қалыңдығы" - Мейдің драмасы, жанры, опричина бейнесі, лейтмотивтік жүйесі, кейіпкерлердің екі тобы, аралас драматургия.

"Шехеразада" - симфония, концерт белгілері бар сюита, программасы, лейтмотивтері, оркестрлік реңкі, бөлім бойынша талдау жасау.

Петр Ильич Чайковский (1840-1893)

Лирик - психолог, драматург, аспапты драманың негізін қалаушы, мұрасы, Чайковский шығармашылығында пешененің тақырыбының ролі, шиеленісті драматургия, музыкасының ұлттық негізі, жанр жан - жақтылығы.

Өмірі мен шығармашылық жолы - балалық шағы, заң училищесінде оқуы, Петербург консерваториясында оқуы, Москва консерваториясының профессоры, өртістік үйірме, шығармашылығы, үйленуі, Италияға сапар, науқастануы, Фон Меккпен ара катнасы, шығармалары, даңқ, қазасы.

Фортепианоға жазылған № 1 концерт - кеңдігі, тақырыптылығы, финалда халық тақырыбын пайдалануы, фортепиано партиясы, оркестрлік реңкі.

"Ромео мен Джулєтта" - программасының ерекшеліктері, жанр мен форманы түсіндіруі, шиеленісті драматургия, тональдық жоспар, кодасының ерекшелігі.

"Қыскы қиялдар" - программалық симфония жанры бөлімдерінің аттары, тақырыптылығы, 1- бөлімнің элегиялық сипаты, финалдағы халық тақырыбы.

№ 4 симфония - программасы Фон Мекке жазған хатында ашылған, цикл тұтастыры, пешене тақырыбы, 1 - бөлімдегі вальс жанры арқылы жалпылау, скерцодағы тақырыптық және оркестрлік тапқыштықтары, финалдағы шиеленістің шешілүі, халық тақырыбы.

№ 6 симфония - программасы, тақырыбы, философиялық шиеленістің қайғылы шешілүі, көп тақырыптылығы, 1 - бөлім мен финалдың ерекше маңызы.

"Евгений Онегин" - әдеби негізі, жанры, "лирикалық көріністер" операның мелодиялық стилі, шиеленісті көріністер, тұрмыстық номерлерді талдау жасау.

"Карғаның мәткесі" - опера - трагедия, Пушкиннен айырмашылығы, шиенелістердің терендігі, психологизм, операның симфониялануы, лейтмотивтер, көріністер, оркестр.

Романстары - ақындар тобы, мәтінге көзқарас, тақырыптары, мелодиясы мен сұйемелдеу.

| | | | |
|--|---|----------|-----------------|
| | Дүниежүзілік музика әдебиеті 8сынып 1 тоқсан | Сағ.саны | Өткізу мерәімі. |
|--|---|----------|-----------------|

| | | | |
|-----------------|---|----|-------------|
| 1 | XIX ғ. соңындағы - XXғ. басындағы орыстың музика мәдениеті. | 2с | Қырқүек |
| 2 | А .К .Лядовтың өмірі мен шығармашлығы. | 2с | |
| 3 | Лядовтың симфониялық . «кикимора», «баба яга», «волшебное озеро». | 3с | Қаған |
| 4 | бақылау сабак. | 1с | Қазан |
| 5 | А.Скрябин өмірі мен шығармашылығы | 2с | |
| 6 | Фортепианалық шығармалары.этюдтар, прелюдиялар | 3с | |
| 7 | Симфониялық шығармашлығы №3 симфониясы .қаталау. | 3с | |
| 8 | Викторина | 1с | |
| 9 | Бақылаусабак | 1с | Караша |
| 2 тоқсан | | | |
| 10 | С.Рахманиновтің өмірі мен шығармашлығы | 2с | Караша |
| 11 | Фортепианолық шығармашлығы. Прелюдиялар, этюдтар, суреттер. | 4с | |
| 12 | №2 Концерт | 4с | Желтоқсан», |
| 13 | С.Рахманиновтың камералы вокалдық шығармашылығы.. | 2с | |
| 14 | Викторина | 1с | |
| 15 | бақылаусабак. | 1с | |
| 3 тоқсан | | | |
| 16 | И.Стравинский өмірі мен шығармашылығы | 2с | Қантар |
| 17 | «Петрушка» балеті.»... | 3с | |
| 18 | «Весна священная» балеті | 2с | Ақпан |
| 19 | «жар птица» балеті | 2с | |
| 20 | Викторина | 1с | |
| 21 | бақылау сабак. | 1с | |
| 22 | Совет дәүріндегі музикалық әдебиеті | 1с | |
| 23 | казан социалистік тәнкерліс | 1с | Наурыз |
| 24 | (1941-1945) Y. O. С. кезеңі. | 1с | |
| 25 | Советтік көпшілік әндерінің гүлденүі | 3с | |
| 26 | Әндерді өрүндау. | 1с | |

| | | | |
|-----------------|--|----|-------|
| 27 | Қайталау | 1с | |
| 28 | Беккылаусабак | 1с | |
| 4 тоқсан | | | |
| 30 | Прокофьев С. өмірі мен шығармашылығы | 2с | Сәуір |
| 31 | Прокофьевтің «Александр Невский» кантатасы | 4с | |
| 32 | Балет шығармашылығы «Золушка» балаті. | 3с | |
| 33 | Прокофьевтің фортепианалық шығармашылығы | 2с | Мамыр |
| 34 | Симфониялық шығармашылығы жетінші симфония . | 3с | |
| 35 | викторина.. | 1с | |
| 36 | бақылаусабак. | 1с | |

Барлығы:68сағат

XIX ғ. аяғы мен XX басындағы орыс музыкасы

Александр II патша өлтірлгеннен кейінгі Ресейдегі саяси реакция, "Беляевтің үйірмесі", Римский - Корсаковтың ролі, жас композиторлар, симфониялық және камералық жанрлар. XX ғ. басы - орыс музыкасының "куміс ғасыры", ағымдардың көптігі, "Өнер дүниесі" мен Дягилевтің ролі, музыканың негізгі жанрлары.

А.К. Лядов(1855-1914) – орыстың композиторы, режиссер, педагог. Римский-Корсаковтың жетекшілігімен Петербург консерваториясында музикалық білімін алды. Оның шәкірттері: Н.Я Мясковский, С.С Прокофьев т.б. Лядовтың көптеген шығармалары фортепианалық және оркестрлік миниатюралар. Әсіреле композиторды ертеғілік халықтық бейнелер қызықтырған. Осы тақырыптарға жазылған симфониялық көріністер «Волшебное озеро», «Баба-Яга», «Кикимора». Фортепианалық пьесалар «Бирюльки», «Музыкальная табакерка», «Арабески», прилюдиялар, мазуркалар, этюдтар т.б.

200-дей астам орыс халық әндерін үндеген.

Александр Николаевич Скрябин (1872- 1915)

Идеалистік бағыттағы композитор - философ, тұрлі түсті дыбыс, шегіне жеткен пианизм, ойлаудың аспаптылығы, мұрасы.

Өмірі мен шығармашылық жолы - нағашы әпкесінің ролі, Кадет корпусы мен консерваторияда окуы, қолының ауруы, шығармалары, әйелдері мен балалары, Европадағы өмірі, симфониялық шығармалары, "Мистерияның" жоспарлануы, казасы.

Фортепианолық шығармашылығы - "ад либитум" ойшы, ерте кезеңдегі жанрлары, опус II-нің прелюдиялар циклі, Шопеннен өзгешілігі, прелюдияларды талдау.

Опус 32 екі поэмасы бейнелердің қарама - қарсылығы, бейнелерді драматургияға қосу, программасы, тақырыптары.

№ 3 симфониясы - тақырыпшасы, поэмандың сипаттартары, интродукция тақырыбының ролі, цикл драматургиясы, философиялық идеясы, бөлімдері бойынша талдау жасау.

№ 4 сонатасы - цикл жаңашылдығы, драматургияға тақырыптардың жалғамуы, поэмалармен симфониялардың, бағдарлама, тақырыптардың алдыналуы.

Сергей Васильевич Рахманинов (1873-1943)

Пианист композитор, дирижер, шығармашылығының негізгі тақырыбы, мұрасы, жанрлық диапозон, лирика, психологизм, романтизм.

Өмірбаяны - балалық шағы, консерваториялардағы окуы, композитордың тағдырындағы Зверевтің, Аренскийдің, Танеевтің ролі, шығармашылығының Ресейліккезеңі, шетелдердегі концерттік қызметі,

Франциядағы, Америкадағы өмірі.

Романстары - Чайковский дәстүрін жалғастыруышы, ақындар тобы, тақырып, мелодиялық стиль, сүйемелдеу, педагогтің қалауы бойынша талдау жасау.

Прелюдиялары - пианизммен байланысы, жанрды тұсіндіруі, форманың көнбайырлығы, программалығы, жанрлық негізі, №.23, 32 опустарының ерекшеліктері.

Этюдтар - көріністер, прелюдиялардан айырмашылықтары, техникалық және көркемдік мәселелердің тоғысуы, программалығы, шеберлігі.

Фортепиано үшін № 2 концерт - дағдарыстан шығу, ойы, симфониялығы, фортепиано мен оркестрдің ара - қатынасы, цикл тұтастығы.

Игорь Федорович Стравинский (1882-1971)

"Петрушка" - жазылу тарихы, балет проблемалары, цитаталар, бейнелеу құралдарының жаңашылдығы, оркестрлік ренқ, көріністерді талғау.

"Псаломдар симфониясы" - неоклассицизм туындысы, жанрлық жаңалық, циклдің ерекшеліктері, әдеби негізі, бөлімдері бойынша талдау жасау.

Кеңес музыкасына шолу

Даму кезеңдері, идеялық бағыттылығы, шығармашылық топтар және композиторлар адағын құру, жанрларының қалыптасуы, негізгі жанр - Кеңестің көпшілікке арналған әндері, симфония, опера, балет жанрларының озық үлгілері.

Сергей Сергеевич Прокофьев (1891-1953)

Композитор, пианист, дирижер, жаңашыл, мұрасы, музикалық тілі. Өмірі мен шығармашылық жолы - балалық шағы, ерте шығармалары, консерваторияда окуы, концертбериуі, революцияға дейінгі шығармалары, Жапония арқылы Ақш-қа концерттік турнеге аттануы, Парижда тұруы, әйелі, елге оралуы, шығармашылығы, соғыс жылдары, науқастануы, опералары мен балеттерінің қойылуы.

"Александр Невский" - Эйзенштейнмен қызметес болуы, кантатаның жазылуы, оның идеясы, тақырыбы, формасы, мазмұны, Отан лейтмотиві, талдау.

"Ромео мен Джульєтта" - Чайковский дәстүрін жалғастыру, қоюдың киындығы, Шекспирге жақындығы, балеттіңш бағырі және оларды мәнерлеу құралдары, лейтмотивтік жүйе, актылар және көріністер бойынша талдау жасау.

Симфония № 7 - шығармашылығындағы негізгі бейнелерді көртінділау, симфонияның философиялық және эпикалық жақтары, тақырыптық белдеуі, бөлімдердің тақырыптылығы.

| | Дүниежүзілік музыка әдебиеті 9 сынып | Сағат саны | Өткізу мерзімі |
|-----------------|---|---------------|-------------------|
| 1 тоқсан | | | |
| 1 | Д. Шостакович өмірі мен шығармашылығы. | 2с | Қыркүйек |
| 2 | Шостаковичтің прелюдиялары және фугалары | 2с | |
| 3 | Д.Шостаковичтің симфониялық шығармашлығы | 1с | |
| 4 | №7 симфония «Ленинградтық» | 3с | |
| 5 | №11 симфония «1905 жыл». | 3с | Қазан |
| 6 | .№5 симфония | 3с | |
| 7 | Шостаковичтің вокалдық шығармашлығы. | 2с | |
| 8 | Викторина | 1с | |
| 9 | Бақылау. | 1с | Қараша |
| 2 тоқсан | | | |

| | | | |
|-----------------|--|----|-----------|
| 10 | А.Хачатурянің өмірі мен шығармашылығы. | 2с | Қараша |
| 11 | А . И.Хачатурянің оркестір мен скрипкаға арналған концерті | 4с | |
| 12 | «Сpartak» болеті... | 3с | Желтоқсан |
| 13 | «Гаяне» балеті | 3с | |
| 14 | Викторина | 1с | |
| 15 | Бақылаусабак. | 1с | |
| 3 тоқсан | | | |
| 16 | Д . Б . Кабалевскийдің өмірі мен шіғармашылығы. | 2с | Қантар |
| 17 | Оркестр мен скрипкаға арналған концерті. | 3с | |
| 18 | Бақылау сабак. | 1с | |
| 19 | Г.Свиридов өмірі мен шығармашылық жолы . | 2с | Ақпан |
| 20 | Курск әндері | 2с | |
| 21 | «Метель» шығармашылығына музикалық иллюстрация | 2с | |
| 22 | «Есенинді еске алу» поэмасы. . | 2с | |
| 24 | Патетическая оратория. | 4с | Наурыз |
| 25 | Викторина | 1с | |
| 26 | Бақылаусабак | 1с | |
| 4 тоқсан | | | |
| 27 | Р.Щедринің өмірі мен шығармашылығы. | 2с | Сәуір |
| 28 | Р . Щедринің балет жанрі. | 2с | |
| 29 | «Кармен» сюита | 2с | |
| 30 | Бақылау сабак. | 1с | |
| 31 | 70-90 жылдағы композиторлардың шығармашлағы . | 2с | Мамыр |
| 32 | Хренниковтың өмірі мен шығармашылығы. | 2с | |
| 33 | А. Петровтың өмірі мен шығармашылығы . | 1с | |
| 34 | А.Г Шниткенің өмірімен шығармашылығы. | 1с | |
| 35 | Б.И. Тищенконің өмірі мен шығармашылығы . | 1с | |
| 36 | Өткен тақырыптарды қайталау. | 1с | |
| 37 | Бақылау сабак. | 1с | |

Барлығы: 68 сағат

Дмитрий Дмитриевич Шостакович (1906-1975)

Гуманист - суреткер, тақырыптарының маңыздылығы, жанр жан-жактылығы, драматургиясының жаңашылдығы, музикалық стилі (монограмманы, цитата, автоцитата, стилизация әдістерін, коллажды қолдануы).

Симфония № 7 -1 бөлімі, программасы, жазылу және орындалу тарихы, формасының жаңашылдығы, шиеленіс, бөлімдерінің тақырыптылығы, оның өзгеруі.

Симфония № 11 - көрінген және жасырын программа, циклдің ерекшеліктері, цитата көлтіру әдістері, лейтмотивтер және олардың ролі, бөлімдер бойынша талдау жасау.

Арам Ильч Хачатуян (1903-1978)

Ерекше талантты армян композиторы, Сарьянмен салыстыру, мұрасы, Шығыс пен Батыс дәстүрлерін тоқайластыру, балеттері.

Скрипка мен оркестрге арнал жазылған ре минор концерті - ұлттық өрнек, арнау, скрипка партиясының шеберлігі, бөлімдер бойынша талдау жасау.

Д.Б. Кабалевский(1904-1987) – кеңес композиторы, педагог, қоғам қайраткері, социалистік еңбек иегері, Лениндік премияның лауреаты, КСРО халық әртісі, Мәскеу консерваториясында Мясковскийдің композиция сынныбында оқыған және Гольденвейзердің фортепиано сынныбында оқыған. 1930 жылдан консерваторияда ұстаздық қызметін атқарған. 4 симфонияның, 5 операның, 4 кантатаның, 7 концерттің, 24 прилюдиялардың, вокалдық циклдардың т.б шығармалардың авторы.

Кабалевский балаларға арналған: «Про трех китов и про многое другое», «Прекрасное пробуждает добро», «Как рассказывать детям о музыке» кітаптарының авторы.

Георгий Васильевич Свиридов (1915-1998)

Неофольклоризм өкілі, вокалдық музыканың басымдылығы, Сөз ролі, ұлттық лърнек, мұрасы.

"Юрловты еске алу концерті" - хорлық айтылуы а, капелла, мәтінсіз формасы, музыкасының мұнды сарыны.

"С.Есенинді еске алу поэмасы" - ақынды жаңаша тану, жоспар және оның іске асырылуы, формасының ерекшеліктері, екі бағыт : халық және ақын, мәнерлеу құралдары, хорлық және оркестрлік ренқ, халық жанрларына сүйену.

"Патетикалық оратория" - Марковский өлеңдерін музыкамен мәнерлеу, ораторияның тақырыбы, құрылымы, речитатив пен хордың ерекшеліктері.

Родион Константинович Щедрин (1932 г.р.)

Кең ауқымдағы композитор, Щедрин шығармашылығындағы М.Плисецкаяныңрөлі, шығармалары, композиторлық техникасы.

"Кармен - Сюита" - операның нөмерлерін тандауы, қайта өндөудің ерекшеліктері, оркестр құрамы, Плисецкая балетте.

Фортепианаға арнап жазылған концерттері -1 концерттегі частушкаларды, екінші бөліміндегі джаз элементтерін пайдалануы, үзінділер.

70-90 жылдағы композиторлардың шығармашылығы

Т.Н Хренников (1913) – кеңес композиторы, пианист, педагог, социалисттік еңбек иегері, Лениндік премиясының лауреаты, КСРО халық әртісі, Мәскеу консерваториясын Шебалиннің сыныбында оқыған. Оқу орынды үздік бітірген. Студенттік кезінде жазылған 1-ші симфония. Хренников: 6 операның авторы. Соның 1-шісі «В бурю», «Мать»(М.Горькийдің мәтіні бойынша). 80-ші жылдары «Доротея», «Голый король», «Золотой телёнок» комедиялық операларын жазады. Композитор көптеген спектакльдерге, кинофильмдерге музыка жазған.

А.П Петров(1930) – кеңес композиторы, КСРО халық әртісі. Оның шығармалары: опералары «Пётр 1», «Маяковский начинается». Балеттері «Берег надежды», «Сотворение мира», «хореографическая симфоия», «Размышление о поэте»(Пушкин). Оперетталар, симфония – фантазия «Мастер и Маргарита», вокалдық циклар және т.б
Петров көптеген кинофильмдерге музыка жазған. Солардың ішінде «Я шагаю по Москве», «Человек Амфибия», «Берегись автомобиля», «Служебный роман», «Жестокий роман» т.б
Композитор балаларға арнап музыка жазады.

Шнитке(1934) – кеңес композиторы. Бірнеше жанрлардың авторы. Соның ішінде басым болып келетін аспаптық музыка. Шығармалары: опера «11 заповедь», батеттер «Лабиринты», Эскизы «Пер Гюнт», 4 симфония, 4 скрипкалық концерт, фортепианалық альт және виоланчельдік концерттері, Реквием, камералық оркестрге арналған 4 Concerti grossi, кантата «История доктора Иоганна Фаута», бірнеше оркестрлік, вокалдық және хор композициялық шығармаларының авторы.

Б.И Тишенко (1939) кеңес композиторы, пианист. Аспирантураны Шостаковичтің жетекшілігімен өткен. Консерваторияның ұстазы, профессоры.

Шығармалары: балеттер «12», «Ярославный»(По слову о полку Игорьеве), 6 симфония, 6 аспаптық концерттер, Маяковскийдің сөзіне жазған кантата «Ленин жив», Ахматовың сөзіне жазған «Реквием». Чуковскийдің ертегілеріне музикалық спектакльдеріне т.б шығармаларына музыка жазған. Органға, вокалдық циклдерге, музикалық спектакльдерге және кинофильмдерге музыка жазған.

Оқушылардың жұмысының бақылау түрлері.

- 1.Конспектілер мен лекцияларды үнемі тексеру.
- 2.Музикалық викториналар өткізу.
- 3.Оқушылардың жауаптарына баға беру және талдау.
- 4.Төменгі дайындығы бар оқушыға көмек.
- 5.Фортепианалық үзіндіге, ойын тақырыптарына тексеріс.
- 6.Музикалық жазба шығармаларды тыңдаған кезде оқушыларды бақылау.